

"Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы

Костанай облысы Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің 2024 жылғы 11 наурыздағы № 4 шешімі

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 19-бабына, 69-бабының 4-тармағына, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 35-бабына сәйкес ШЕШІМ:

1. "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына талшықты-оптикалық байланыс желісін жүргізу мен пайдалану мақсатында Амангелді ауданы, Амангелді ауылдық округі, Амангелді ауылы аумағында орналасқан жалпы алаңы 0,4596 гектар жер участке сіне қауымдық сервитут белгіленсін.

2. "Амангелді ауданының Амангелді ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіпте:

1) осы шешімді Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкінде ресми жариялауға жіберуді;

2) осы шешімді ресми жарияланғанынан кейін Амангелді ауданы әкімдігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Амангелді ауданы Амангелді ауылдық округі әкімінің "Қазақтелеком" акционерлік қоғамына қауымдық сервитут белгілеу туралы" 2023 жылғы 4 желтоқсандағы № 10 шешімінің күші жойылсын.

4. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

5. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін құнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Амангелді ауылдық округінің әкімі

Г. Жандильдина